

"Ұшуға жарамдылықта ұстау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2019 жылғы 9 қазандағы № 763 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 15 қазанда № 19474 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 527 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2020 № 527 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

1. "Ұшуға жарамдылықта ұстау саласындағы мемлекеттің көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 499 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11349 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) "Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3) "Шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4) "Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5) "Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6) "Ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7) "Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

8) "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

9) "Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

10) "Азаматтық әуе кемесі үлгісінің сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

11) "Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу ұйымына сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

К. Ускенбаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму

министрінің
2019 жылғы 9 қазандағы
№ 763 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 499 бұйрығына
1-қосымша

"Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы тапсырған сәттен бастап – 20 (жиырма) жұмыс күні;

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанына жібереді.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

Азаматтық әуе кемесін тіркеу үшін алым төлемі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған тәртіппен және мөлшерлерде жүзеге асырылады.

Азаматтық әуе кемесін тіркеу үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

1) азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 7 айлық есептік көрсеткіш;

2) азаматтық әуе кемелерін қайта тіркеу үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 7 айлық есептік көрсеткіш;

Алым төлемі екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда сондай-ақ электрондық үкімет төдем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

8. Порталдың жұмыс кестесі – тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатындағы техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс күндері және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндері өтініш жасаған кезде өтініш қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушы өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы өтінімінің электрондық көшірмесі;

2) құрылтайшылық құжаттың (заңды тұлғалар үшін) электрондық көшірмесі немесе жеке басты куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі (шетелдік жеке тұлғалар үшін);

жеке және заңды тұлға Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда құжаттар электрондық көшірмесі нотариалды куәландырылған түрде ұсынылады;

3) сату-сатып алу шартының электрондық көшірмесі нотариалды куәландырылған түрде, немесе меншік құқығын растайтын өзге де құжатты (шетелдік жеке және заңды тұлғалар үшін);

4) жалдау, лизинг, мүліктік жалдау шартының электрондық көшірмесі нотариалды куәландырылған түрде, әуе кемесін пайдалану құқығын растайтын өзге де құжатты;

5) азаматтық әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісінің электрондық көшірмесі;

6) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемелерінің техникалық жай-күйін тексеру актісінің электрондық көшірмесі;

7) азаматтық әуе кемесін жасап шығарушымен берілген, оның ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігін куәландыратын үлгі сертификаты немесе оның балама құжатының электрондық көшірмесі.

Келесі құжаттар болған жағдайда ұсынылады:

1) азаматтық әуе кемесінің мемлекеттік авиация тізілімінен немесе шет мемлекеттің азаматтық әуе кемелерінің тізілімінен шыққанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

2) ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатының электрондық көшірмесі;

3) әуе кемесін қайта жабдықтау туралы құжаттардың электрондық көшірмесі;

4) өндіруші-зауытпен берілген әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы уақытша куәлігінің электрондық көшірмесі.

Құжаттамасын тексеру және әуе кемесін қарап тексеру бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша уәкілетті орган осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісін (бұдан әрі – бағалау актісі) құрастырады.

10. Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алу үшін көрсетілген қызметті алушы (бастапқы мемлекеттік тіркеуден өткен кезде, иеленуші ауысқан кезде, әуе кемесінің тағайындауы өзгерген кезде, азаматтық әуе кемесінің Пайдаланушығасы өзгерген кезде) осы мемлекеттік қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында өтінім береді.

11. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің Мемлекеттік тізіліміннен шығарылған кезде, қызмет алушы осы мемлекеттік қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электронды құжат нысанында өтініш береді.

12. Қызмет алушы жоғарыда көрсетілген құжаттардың барлық электрондық көшірмелерін портал арқылы "жеке кабинетке" жіберген кезде, қызмет алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін мемлекеттік қызметтің нәтижесін алудың күнін және уақытын қабылданғаны мәртебе туралы жібереді.

Жеке тұлғаны куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік, Пайдаланушыға сертификаты, орындағы шуыл бойынша сертификаты, радиостанция сертификаты көрсетіледі қызмет беруші "электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Қызмет алушы осы стандартта тізімге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда және (немесе) мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілген қызмет беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

13. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздеме:

1) Әуе кемесі ұшуға жарамдылық талаптарына сәйкес болмағанда;

2) Қызмет алушының жіберген құжаттарының (немесе) деректерінің (ақпараттарының) сенімсіздік тудырған жағдайда;

3) Қызмет алушының және (немесе) жіберген қажетті мәліметтерді, деректердің берілген ақпаратқа сәйкес келмеуі;

4) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

14. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 16-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағым пошта арқылы не жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

15. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

16. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.miid.gov.kz ("Азаматтық авиация комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

17. Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 16-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: caa@miid.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 75-48-02.

18. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

19. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтаманы Министрліктің интернет-ресурсында көрсетілген www.miid.gov.kz қызмет

берушінің телефондары арқылы немесе мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы алуға болады.

"Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша
Нысан

уәкілетті органның атауы

өтініш берушінің А.Ә. Т
(болған жағдайда)

Жеке куәліктің (паспорттың) №

Занды тұлға ұйымының атауы

(БИН/ЖСН)

А.Ә.Т (болған жағдайда)

Әуе кемесін мемлекеттік тіркеу үшін өтінім

1	_____ (ӘК түрі) әуе кемесін мемлекеттік тіркеу жүргізуді сұраймын: Беру <input type="checkbox"/>	
	Өзгерістер енгізу <input type="checkbox"/>	
	<input type="checkbox"/>	
	меншік иесіне пайдаланушыға <input type="checkbox"/>	
тиесілі азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік		
2.	Әуе кемесі туралы мәлімет:	
2.1	Азаматтық әуе кемесін бұрынғы тіркеген мемлекет:	_____ (Бұрын тіркелген мемлекеттің және айырым белгісінің атауы)
2.3	Тану белгісі:	_____
2.4	Сериялық (зауыттық) нөмірі:	_____
2.5	Зауыттан шығарылған күні: (күні, айы, жылы)	_____

2.6	Дайындаушы (зауыт, мемлекет): _____	
2.7	Азаматтық әуе кемесінің мақсаты	
2.8	Азаматтық әуе кемесінің сыныбы	
2.9	Қозғалтқыш қуаты	
3.0	Ең жоғарғы ұшып көтерілу массасы	
3.1	Соңғы жөндеу жүргізілген күні мен орны	
3.2	Техникалық байқау немесе ұшу сынағын кім және қашан жүргізді	
3.3	Жөндеуге дейінгі әуе кемесі ресурсының қалдығы (сағаттарда, қонуларда, жылдарда)	
3.4	Әуе кемесінің тұрақты орналасқан жері	
3.5	Әуе кемелеріне құқықтың түрі (қажеттісінің астын сызу):	1) меншік құқығы; 2) Пайдаланушыға құқығы; 3) жедел басқару құқығы; 4) шаруашылық басқару құқығы
4.	Шарттың нөмірі және сатып алу күні:	
	Меншік иесінің	20__ жылғы " __ " _____ № _____
	Пайдаланушығаның	20__ жылғы " __ " _____ № _____
	Меншік иесінің санаты (астын сызу):	1) жеке тұлға; 2) заңды тұлға.
5.	Меншік иесінің құжат санаты (заңды тұлға үшін):	
	Заңды тұлғаның атауы:	
	Заңды тұлғаның БСН:	
	Меншік иесінің заңды мекенжайы, (облыс, аудан, тұрғылықты жері, көше, үйдің нөмірі, пәтер)	
	Меншік иесінің телефон нөмірі, факсы және e-mail	
6.	Меншік иесінің құжат санаты (жеке тұлға үшін):	
	Құжаттың сериясы және берілген күні	20__ жылғы " __ " _____ № _____
	Т.А.Ә. (болған жағдайда), туылған күні	20__ жылғы " __ " _____
	ЖСН	

	мекенжайы (облыс, аудан, тұрғылықты жер, көше, үйдің нөмірі, пәтер)	
	телефон нөмірі, факсы және e-mail	
7.	Пайдаланушығаның құжат санаты (заңды тұлға үшін)	
	Заңды тұлғаның атауы	
	Заңды тұлғаның БСН	
	Пайдаланушығаның заңды мекенжайы (облыс, аудан, тұрғылықты жер, көше, үйдің нөмірі, пәтер)	
	Пайдаланушығаның телефон нөмірі, факсы және e-mail	
8.	Пайдаланушығаның құжат санаты (жеке тұлға үшін):	
	Заңды тұлғаның атауы	20__ жылғы " __ " _____
	Т.А.Ә. (болған жағдайда), туылған күні	20__ жылғы " __ " _____
	ЖСН	_____
	мекенжайы (облыс, аудан, тұрғылықты жер, көше, үйдің нөмірі, пәтер)	_____
	телефон нөмірі, факсы және e-mail	_____
9.	Төлемнің көлемі, нөмірі және күні:	20__ жылғы " __ " _____ _____ _____ тенге.
10.	Байланысатын адам (Т.А.Ә. (болған жағдайда), қызметі, телефон нөмірі, факсы, мекенжайы және e-mail	_____
11.	Қосымша қызметтерді алған жағдайда (Шуыл жөніндегі, Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалану жөніндегі сертификат) Деректерді төмендегі кестелерді толтырыңыз	
12.	Нөмірі, күні және алым сомасы: № _____ " __ " _____ 20__ жыл _____ тенге.	
Шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын алу үшін	+/-	Сипаттаңыз
Ұшак		
Тікұшак		
Басқалар		
Әуе бұрандасы туралы деректер (болған жағдайда)		
Әуе кемесінің ең жоғарғы ұшу массасы		
Әуе кемесінің ең жоғарғы қону массасы		

Шуыл бойынша сертификаттау стандарты		
Қолданылатын шуыл бойынша сертификаттау стандартына сәйкес келтіру мақсатында енгізілген қосымша түрлендіру		
ҰҚЖ-дан шеткері шуыл деңгейі/ толық қуаттағы режимде		
Қонуға кіру кезіндегі шуыл деңгейі		
Ұшып өту кезіндегі шуыл деңгейі		
Ұшу кезіндегі шуыл деңгейі		
Ұшып көтерілген кездегі шуыл деңгейі		
Азаматтық әуе кемелерінде орналасқан Радиоберуші аппаратураны пайдалануға рұқсат алу		
Ұшак		
Тікұшак		
басқалар		
Авиациялық радиожилік аумағында жұмыс жасайтын радиоберу құрылғыларының тізбесі:		
Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісемін (Меншік иесі/ Пайдаланушыға)		
Азаматтық әуе кемесінің меншік иесі (заңды тұлға үшін)	Азаматтық әуе кемесінің пайдаланушығасы (заңды тұлға үшін)	
Мөр орны (болған жағдайда) 20__жылғы "___" _____ (жеке тұлға үшін): _____		
Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда) қолы 20__жылғы "___" _____		

Ескерту: аббреватураның толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

"Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша "БЕКІТЕМІН"
Ұйымның бірінші басшысы (немесе оның міндетін атқарушы тұлға)

_____ қолы Тегі Аты Әкесінің аты

Әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру актісі

Мынадай құрамдағы комиссия:

Төраға _____,

лауазымы, Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда)

Комиссия мүшелері _____

лауазымы, Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда)

20__ жылғы _____ техникалық тексеру жүргізді.

(азаматтық әуе кемесінің типі және тағайындалуы)

мемлекеттік және тіркеу айырымдық белгілері _____

сериялық (зауыт) нөмірі:

1. Әуе кемесі туралы мәліметтер:

Зауыттан шығарылған күні	
Тағайындалған ресурс	__ сағат __ қону _____ ЖЫЛ
Пайдалана басталғаннан бастап ұшуы	__ сағат __ қону _____ ЖЫЛ
Жүргізілген жөндеу саны	
Соңғы жөндеу жүргізілген күні және орны	
Соңғы жөндеу жүргізілгеннен кейінгі ұшуы	__ сағат __ қону _____ ЖЫЛ
Жөндеу жүргізгенге дейінгі ресурс қалдығы	__ сағат __ қону _____ ЖЫЛ
Жөндеу аралық ресурс	__ сағат __ қону _____ ЖЫЛ

2. Әуе кемесінің ресурсын ұзарту негізі _____

3. Қозғалтқыштың ресурсын ұзарту негізі _____

4. Қозғалтқыш және әуе бұрандалары туралы мәліметтер:

Қозғалтқыш/әуе бұрандасы	1-ші	2-ші	3-ші	4-ші	Қосалқы күштік қондырғы/бас редуктор
Үлгісі					
Зауыттық нөмірі					
Пайдалана басталғаннан бергі ұшуы (сағат)					
Соңғы жөндеу жүргізілген күні					
Соңғы жөндеу жүргізілгеннен кейінгі ұшуы (сағат)					
Келесі жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы					
Жүргізілген жөндеу саны					

5. Әуе кемесі _____ көлемде тексерілді,
(кезеңдік техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу нысаны)

бұл туралы формулярға жазба жасалынды _____ (күні)

6. Әуе кемесінің жабдықталуы _____

7. Әуедегі қақтығысты ескертетін борттық жүйенің болуы

8. Осы әуе кемесінің типі осы актіні жасау күніне дейінгі орындалуға міндетті барлық жөндеу жұмыстары орындалды; бекітілген құжаттамада көзделмеген тип конструкциясында өзгерістер жоқ.

9. Ұшуға пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы өзгерістерді бекіткен ұйым, бекітілген

күні _____

10. Комиссияның азаматтық әуе кемесінің техникалық жай-күйі, ұшуға жарамдылық және ұшуға жарамдылығы сертификатын (қолдану мерзімін ұзарту) беру мүмкіндігі туралы қорытындысы _____

11. Пайдаланушығаның инженерлік-авиациялық қызмет басшысының* азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы (оның ішінде қажетті жабдығы болған жағдайда халықаралық трассалар бойынша ұшу) туралы қорытындысы. _

Төраға: _____

қолы, күні, Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда)

Комиссия мүшелері: _____

— қолы, күні, Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны (болған жағдайда)

* 11- тармақта Инженерлік-авиациялық қызмет басшысы мынадай қорытынды жасайды:

"Ұшақ (тікұшақ) техникалық жарамды және пайдалануға жарамды"

немесе

"Ұшақ (тікұшақ) техникалық жарамсыз және пайдалануға жарамсыз".

"Қазақстан Республикасының
азаматтық әуе кемелерін
мемлекеттік тіркеу
туралы куәліктер беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
3-қосымша

**Азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау
актісі**

(мекеме атауы немесе жеке тұлғаның Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда))

20 __ жылғы " __ " _____ шығ.№ __ тізілім бойынша авиациялық инспекторы _____

Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда) , лауазымы

әуе кемелеріне бағалау жүргізді _____

(ӘК үлгісі, сериялық (зауыт) нөмірі, ӘК тағайындалуы)

Әуе кемесі туралы мәліметтер:

Зауыттан шығарылған күні	
Тағайындалған ресурс	_____ сағат _____ қону _____ жыл
Пайдалана басталғаннан бастап ұшуы	_____ сағат _____ қону _____ жыл
Жүргізілген жөндеу саны	
Соңғы жөндеу жүргізілген күні және орны	
Соңғы жөндеу жүргізілгеннен кейінгі ұшуы	_____ сағат _____ қону _____ жыл
Жөндеу жүргізгенге дейінгі ресурс қалдығы	_____ сағат _____ қону _____ жыл
Жөндеу аралық ресурс	_____ сағат _____ қону _____ жыл

Азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісінің мәтіні

Қорытынды: Азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісінің мәтіні

Тізілім бойынша авиациялық инспектор: _____

Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Актінің жасалған күні

Сараптама актісімен таныстым:

Өтініш беруші (өтініш берушінің өкілі) _____

Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Актімен танысқан күні

"Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
4-қосымша
Нысан

_____ уәкілетті ұйымның атауы
_____ - дан
өтініш берушінің Тегі Аты
Әкесінің аты (болған жағдайда)

_____ Жеке куәлігінің (паспортының)
№ _____

Заңды тұлға ұйымның атауы

мекенжайы, байланыс телефоны

(ЖСН/БСН)

Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Өтінім

Меншік иесі _____

Пайдаланушы _____

тиесілі _____

әуе

(әуе кемесінің үлгісі) кемесін Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің

Мемлекеттік тізілімінен шығаруыңызды және шығуы туралы куәлігін беруіңізді өтінемін.

Әуе кемесін шығарылу себебі _____

Әуе кемесі туралы деректер:

1. Азаматтық әуе кемесінің үлгісі _____

2. Айырым белгісі _____

3. Сериялық (зауыттық) нөмірі _____

4. Зауыттан шығарылған күні (күні, айы, жылы) _____

5. Шығарушы (зауыт, мемлекет) _____

6. Азаматтық әуе кемесінің тағайындалуы _____

7. Қозғалтқыш қуаты (кВт) _____

8. Барынша ұшу массасы _____

9. Әуе кемесінің жөндеуге дейінгі қалдық ресурсы

(сағат, қону, жыл) _____

10. Кім және қашан техникалық тексеруді немесе ұшу сынағын жүргізді

11. Әуе кемесінен айырым белгілерін алып тастау күні: _____

12. 24 биттік кодтың жойылу датасы: _____

13. Әуе кемесін Пайдаланушы сертификатының
(Авиациялық жұмыстарды орындау куәлігінің)

қосымшасынан шығару датасы _____

14. ӘК кепілұстаушының келісімінің датасы _____

15. ӘК есептен шығарылу күні _____

16. Әуе кемесінің орналасу орны _____

17. Әуе кемесі экспортталған мемлекет _____

18. Меншік иесінің құжатының санаты (заңды тұлға үшін):

- 1) заңды тұлғаның атауы: _____
- 2) заңды тұлғаның БИН-і: _____
- 3) меншік иесінің заңды мекенжайы (облысы, ауданы, елді мекені, көшесі, үйдің нөмірі, пәтері) _____
- 4) меншік иесінің телефон нөмірі, факсы и e-mail мекенжайы: _____

Меншік иесінің құжатының санаты (жеке тұлға үшін):

- 1) құжаттың сериясы және берілген датасы № ____ 20 ____ жылғы " __ " ____
- 2) Т.А.Ә. (болған жағдайда), туған күні: _____ 20 ____ жылғы " __ " _____

– ,

ИИН _____.

- 3) мекенжайы (облысы, ауданы, елді мекені, көшесі, үйдің нөмірі, пәтері) _____

б) телефон нөмірі, факсы и e-mail мекенжайы: _____

19. Пайдаланушының құжатының санаты (заңды тұлға үшін):

- 1) заңды тұлғаның атауы: _____
- 2) заңды тұлғаның БИН-і: _____
- 3) пайдаланушының заңды мекенжайы (облысы, ауданы, елді мекені, көшесі, үйдің нөмірі, пәтері) _____
- 4) пайдаланушының телефон нөмірі, факсы и e-mail мекенжайы: _____

Пайдаланушының құжатының санаты (жеке тұлға үшін):

- 1) құжаттың сериясы және берілген датасы № ____ 20 ____ жылғы " __ " ____
- 2) Т.А.Ә. (болған жағдайда), туған күні: _____ 20 ____ жылғы " __ " _____ ,
ИИН _____.
- 3) мекенжайы (облысы, ауданы, елді мекені, көшесі, үйдің нөмірі, пәтері) _____

б) телефон нөмірі, факсы и e-mail мекенжайы: _____

20. Байланыс тұлғасы (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, телефон нөмірі, факсі и e-mail мекенжайы): _____

Ақпараттық жүйелерде қамтылатын Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Азаматтық әуе кемесінің меншік иесі (заңды тұлға үшін): _____

басшының қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Мөр орны (болған жағдайда) 20 ____ жылғы " __ " _____

(жеке тұлға үшін):

Қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)

20__ жылғы "___" _____

Азаматтық әуе кемесін пайдаланушы (заңды тұлға үшін):

басшының қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Мөр орны (болған жағдайда) 20__ жылғы "___" _____

(жеке тұлға үшін):

Қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)

20__ жылғы "___" _____

Ескерту: аббревиатураның толық жазылуы:

Т.А.Ә. – Тегі Аты Әкесінің аты;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

Қазақстан Республикасы

Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің

2019 жылғы 9 қазандағы
№ 763 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Индустрия және даму
министрінің

2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 499 бұйрығына
2-қосымша

"Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы берген кезде – 5 (бес) жұмыс күн.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Порталда көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Мыналардың жұмыс кестесі – порталдың-тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатындағы техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс күндері және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндері жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік қызмет стандартының 1-қосымшаға сәйкес азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы өтінім;

2) шет мемлекет берген әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатының электрондық көшірмесі;

3) осы мемлекеттік қызмет стандартының 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тексеру актісінің электрондық көшірмесі.

10. Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып,

мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Жеке тұлғаны куәләндыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (ұайта тіркеу) туралы мәліметтерді, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, авиациялық жұмыстарды орындауға рұқсат беру туралы куәлікті және Пайдаланушыға сертификатын, орындағы шу бойынша сертификатын, радиостанция сертификатын қызмет көрсетуші " электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік информациялық жүйелерден алады.

Қызмет алушысы осы стандарттағы тізімге сәйкес және (немесе) мерзімі өткен құжаттардың толық емес пакетін ұсынған жағдайда, қызмет көрсетуші өтінішті қабылдамайды.

11. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың себептері:

- 1) Әуе кемесі ұшуға жарамдылық талаптарына сәйкес болмағанда;
- 2) Қызмет алушының жіберген құжаттарының (немесе) деректерінің (ақпараттарының) сенімсіздік тудырған жағдайда;
- 3) Қызмет алушының және (немесе) жіберген қажетті мәліметтерді, деректердің берілген ақпаратқа сәйкес келмеуі;
- 4) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;
- 5) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

12. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында сай беріледі.

Шағым пошта арқылы не жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

Жеке тұлғаның – тегі, аты, сонымен қатар қалауынша әкесінің аты, пошталық адресі көрсетіледі.

Заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

13. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.miid.gov.kz ("Азаматтық авиация комитеті" бөлімінің " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

15. Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына

беріледі: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: saa@miid.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 74-48-02.

16. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтаманы Министрліктің интернет-ресурсында көрсетілген www.miid.gov.kz қызмет берушінің телефондары арқылы немесе мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы алуға болады.

"Азаматтық әуе кемелерінің
шет мемлекет берген ұшуға
жарамдылығы сертификатын
тану туралы шешім беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша
Нысан

Шетел мемлекеті берген азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатын тану үшін өтінім

тиесілі _____

тізіліміне

(мемлекет атауы)

_____ жылғы. " ____ " _____ № _____

енгізілген

_____ әуе

кемесіне

(әуе кемесінің типі, айырым белгісі)

№ _____ ұшуға жарамдылығы сертификатын жарамды деп тану туралы шешім беруді сұраймын.

Әуе кемесі туралы деректер:

1. Тип сертификаты немесе балама құжат және оның нөмірі

1) әуе кемесі _____

2) қозғалтқыштар _____

3) әуе бұрандалары _____

2. Мемлекеттік және тіркеу белгілері _____

3. Әуе кемесінің типі және мақсаты _____

4. Әуе кемесінің жасалған күні және сериялық нөмірі _____
5. Соңғы жүргізілген жөндеудің күні мен орны _____
6. Әуе кемесінің ұшуы
- 1) пайдалана басталғаннан бастап: _____ сағат _____ қонуы _____ жыл
- 2) соңғы жөндеуден кейін: _____ сағат _____ қонуы _____ жыл
7. Жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы: _____ сағат _____ қонуы _____ жыл
8. Қозғалтқыштардың типі және саны _____
9. Әуе бұрандаларының түрі _____
10. Мыналардың: а) ұшып көтерілудің _____ б) қонудың _____
ең жоғары массасы
11. Орындар саны: а) жолаушылар _____ б) экипаж _____
12. Жергілікті жердегі шуыл жөніндегі куәлік _____
13. Әуе кемесінің Меншік иесіне және оның мекенжайы _____
14. Әуе кемесін Пайдаланушыға, Пайдаланушыға куәлігінің нөмірі және
оның
заңды мекенжайы _____
15. Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұйымның
атауы _____

Мөр орны (болған жағдайда) _____
(лауазымы)

20 _____ жылғы. " _____ " _____
(қолы, Т.А.Ә.) (болған жағдайда)

Авиакомпанияның инженерлік-авиациялық қызметі басшысының әуе
кемесінің

ұшуға жарамдылығы туралы қорытындысы _____

Мөр орны (болған жағдайда) _____
(лауазымы)

20 _____ жылғы. " _____ " _____
(қолы, Т.А.Ә.) (болған жағдайда)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпиядан
тұратын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____

20 _____ жылғы. " _____ " _____

"Азаматтық әуе кемелерінің
шет мемлекет берген ұшуға
жарамдылығы сертификатын
тану туралы шешім беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына

2-қосымша

Нысан

"Бекітемін"
Ұйымның бірінші басшысы

(Тегі Аты Әкесінің аты)
(болған жағдайда) (қолы)

Әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісі

Мынадай құрамдағы комиссия:

Төраға _____

(лауазымы, Тегі Аты Әкесінің аты) (болған жағдайда)

Комиссия мүшелері _____

(лауазымы, Тегі Аты Әкесінің аты) (болған жағдайда)

20__ жылғы. " __ " _____ техникалық қарап-тексеру жүргізді

(әуе кемесінің типі және мақсаты) мемлекеттік және тіркеу белгілері

_____ сериялық (зауыт) нөмірі _____

1. Әуе кемесі туралы мәліметтер:

ӘК-нің зауыттан шығарылған күні	
Белгіленген ресурс	___ сағ. _____ қонуы ___ жыл
Пайдалана басталғаннан бастап ұшуы	___ сағ. _____ қонуы ___ жыл
Жөндеу саны	___ сағ. _____ қонуы ___ жыл
Соңғы жөндеу жүргізілген күн мен орын, АЖЗ	___ сағ. _____ қонуы ___ жыл
Соңғы жөндеуден кейінгі ұшуы	___ сағ. _____ қонуы ___ жыл
Жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы	___ сағ. _____ қонуы ___ жыл
Жөндеу аралық ресурс	___ сағ. _____ қонуы ___ жыл

2. АӘК-ның ресурсын ұзарту үшін негіздеме _____

3. Қозғалтқыш ресурсын ұзарту үшін негіздеме _____

4. Қозғалтқыштар мен әуе бұрандалары туралы мәліметтер: _____

Қозғалтқыш/әуе бұрандасы	1-ші	2-ші	3-ші	4-ші	Қосалқы күштік қондырғы/бас редуктор
Типі					
Зауыт нөмірі					
Пайдалана басталғаннан бастап ұшуы (сағат)					
Соңғы жөндеу жүргізілген күні					
Соңғы жөндеу жүргізілгеннен кейінгі ұшуы (сағат)					
Жөндеу жүргізілгенге дейінгі ресурс қалдығы (сағат)					
Жүргізілген жөндеу саны					

5. Әуе кемесі _____ көлемінде қаралған,
(ТҚ немесе жөндеу кезеңділігінің нысаны)
ол туралы _____ формулярына жазу енгізілген _____
(күні)
6. Әуе кемесінің жасақталуы _____
7. Әуеде соқтығысудың алдын алудың борттық жүйесінің болуы _____
8. Осы акті жасалған күні орындауға міндетті осы типтегі әуе кемесінің барлық жөндеу жұмыстары орындалды; бекітілген құжаттамада көзделмеген тип конструкциясының өзгерістері жоқ.
9. ҰПЖ өзгерістерін бекіткен ұйым, бекітілген күні _____
10. Азаматтық әуе кемесінің техникалық жай-күйі, ұшуға жарамдылығы және ұшуға жарамдылық сертификатын беру (қолданылу мерзімін ұзарту) мүмкіндігі туралы комиссия қорытындысы _____
Төраға: _____
(қолы, күні, Тегі Аты Әкесінің аты) (болған жағдайда)
Комиссия мүшелері: _____
(қолы, күні, Тегі Аты Әкесінің аты) (болған жағдайда)
Мөр орны (болған жағдайда)
11. Пайдаланушығаның инженерлік-авиациялық қызметі басшысының азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы қорытындысы (оның ішінде қажетті жабдықтар болған жағдайда, халықаралық трассалар бойынша ұшуға)
- Қорытынды: "Ұшақтың (тікұшақтың) техникалық ақауы жоқ және ол пайдалануға жарамды" немесе "Ұшақтың (тікұшақтың) техникалық ақауы бар және ол пайдалануға жарамсыз".
- Төраға: _____
(қолы, күні, Тегі Аты Әкесінің аты) (болған жағдайда)
Комиссия мүшелері: _____
(қолы, күні, Тегі Аты Әкесінің аты) (болған жағдайда)
Мөр орны (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы 9 қазандағы
№ 763 бұйрығына
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі

"Шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын беру" Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Әуе кемесіне шуыл бойынша сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы тапсырған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – әуе кемесіне шуыл бойынша сертификаты.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Порталда көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі – тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатындағы техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс күндері және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндері жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған өтінімінің электрондық көшірмесі.

Жеке тұлғаны куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, авиациялық жұмыстарды орындауға рұқсат беру туралы куәлікті және Пайдаланушыға сертификатын, орындағы шу бойынша сертификатын, радиостанция сертификатын қызмет көрсетуші " электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік информациялық жүйелерден алады.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағым пошта арқылы не жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.miid.gov.kz ("Азаматтық авиация комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: caa@miid.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 74-48-02.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтаманы Министрліктің интернет-ресурсында көрсетілген www.miid.gov.kz қызмет

берушінің телефондары арқылы немесе мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы алуға болады.

"Шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
қосымша
Нысан

Өтінім

Шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын алу үшін	+/-	сипаттаңыз
Ұшак		
Тікұшак		
Басқалар		
Әуе бұрандасы туралы деректер (болған жағдайда)		
Әуе кемесінің ең жоғарғы ұшу массасы		
Әуе кемесінің ең жоғарғы қону массасы		
Шуыл бойынша сертификаттау стандарты		
Қолданылатын шуыл бойынша сертификаттау стандартына сәйкес келтіру мақсатында енгізілген қосымша түрлендіру		
ҰҚЖ-дан шеткері шуыл деңгейі/толық қуаттағы режимде		
Қонуға кіру кезіндегі шуыл деңгейі		
Ұшып өту кезіндегі шуыл деңгейі		
Ұшу кезіндегі шуыл деңгейі		
Ұшып көтерілген кездегі шуыл деңгейі		
Әуе кемесін пайдаланушының және өтінім берушінің мекен-жайы, телефоны, факсі ____		
Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісемін (Меншік иесі/ Пайдаланушыға)		
Азаматтық әуе кемесінің меншік иесі (заңды тұлға үшін)	Азаматтық әуе кемесінің пайдаланушығасы (заңды тұлға үшін)	
Мөр орны (болған жағдайда) 20__жылғы "___" _____ (ж е к е т ұ л ғ а ү ш і н) :		
Тегі	Аты	Әкесінің аты
20__жылғы "___" _____	қолы	(болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 9 қазандағы
№ 763 бұйрығына
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және

"Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Радиоберуші аппаратураны пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы тапсырған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – радиоберуші аппаратураны пайдалануға рұқсат беру.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Порталда көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі – тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатындағы техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс күндері және Қазақстан

Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндері жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған өтінімінің электрондық көшірмесі.

Жеке тұлғаны куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, авиациялық жұмыстарды орындауға рұқсат беру туралы куәлікті және Пайдаланушыға сертификатын, орындағы шу бойынша сертификатын, радиостанция сертификатын қызмет көрсетуші " электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік информациялық жүйелерден алады.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағым пошта арқылы не жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында

жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.miid.gov.kz ("Азаматтық авиация комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: саа@miid.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 74-48-02.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтаманы Министрліктің интернет-ресурсында көрестілген www.miid.gov.kz қызмет берушінің телефондары арқылы немесе мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы алуға болады.

"Радиомен хабарлау
аппаратурасын
пайдалануға рұқсат беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
қосымша
Нысан

Өтінім

Азаматтық әуе кемелерінде орналасқан Радиоберуші аппаратураны пайдалануға рұқсат алу	+/-	сипаттаңыз
Ұшақ		
Тікұшақ		
басқалар		
Авиациялық радиожилік аумағында жұмыс жасайтын радиоберу құрылғыларының тізбесі:		
Әуе кемесін пайдаланушының және өтінім берушінің мекен-жайы, телефоны, факсі _____		
Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісемін (Меншік иесі/ Пайдаланушыға)		
Азаматтық әуе кемесінің меншік иесі (заңды тұлға үшін)	Азаматтық әуе кемесінің пайдаланушығасы (заңды тұлға үшін)	
Мөр орны (болған жағдайда) 20__жылғы "___" _____ (жеке тұлға үшін): _____		
Тегі	Аты	Әкесінің аты қолы (болған жағдайда)
20__жылғы "___" _____		

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы 9 қазандағы
№ 763 бұйрығына
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 499 бұйрығына
5-қосымша

"Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы тапсырған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық түрде (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Порталда көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі – тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатындағы техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс күндері және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндері жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған өтінімінің электрондық көшірмесі.

Жеке тұлғаны куәләндыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, авиациялық жұмыстарды орындауға рұқсат беру туралы куәлікті және Пайдаланушыға сертификатын, орындағы шу бойынша сертификатын, радиостанция сертификатын қызмет көрсетуші "электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік информациялық жүйелерден алады.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Портал арқылы өтініш берген кезде қызметті алушы, қызмет көрсету нәтижесін алу кезінде әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру актісінің түпнұсқасын ұсынуы қажет.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың себептері:

- 1) Әуе кемесі ұшуға жарамдылық талаптарына сәйкес болмағанда;
- 2) Қызмет алушының жіберген құжаттарының (немесе) деректерінің (ақпараттарының) сенімсіздік тудырған жағдайда;
- 3) Қызмет алушының және (немесе) жіберген қажетті мәліметтерді, деректердің берілген ақпаратқа сәйкес келмеуі;
- 4) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;
- 5) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағым пошта арқылы не жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

занды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

12. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.miid.gov.kz ("Азаматтық авиация комитеті" бөлімінің " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: caa@miid.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 74-48-02.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтаманы Министрліктің интернет-ресурсында көрсетілген www.miid.gov.kz қызмет берушінің телефондары арқылы немесе мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы алуға болады.

"Арнайы ұшуды
орындауға рұқсат беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
қосымша
Нысан

Өтінім

I. Мемлекеттік тізілімге 20 ____ жылғы. " ____ " _____ № ____ енгізілген әуе кемесіне арнайы ұшуды орындауға рұқсат (ұшуға жарамдылығының арнайы сертификатын) беруді сұраймын:

1. Ұшу мақсаты және маршруты _____
2. Әуе кемесі туралы мәліметтер:
 - 1) Әуе кемесінің типі _____
 - 2) Әуе кемесінің сериялық (зауыт) нөмірі _____
 - 3) Мемлекеттік және тіркеу айырым белгілері _____
 - 4) Әуе кемесінің жасалған күні _____
 - 5) Әуе кемесінің мақсаты _____
 - 6) Орналасқан жері _____

—
3. Пайдаланушығаның атауы және мекенжайы _____
Азаматтық әуе кемесін пайдаланушыға: _____
(Тегі аты әкесінің аты (болған жағдайда))

II. Әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау АКТІСІ

1. Әуе кемесі туралы мәліметтер _____

ӘЖ-нің зауыттан шығарылған күні	
Тағайындалған ресурс	_____ (сағат) _____ (қону) _____ (жыл)
Пайдалануға берілгеннен бастап ұшуы	_____ (сағат) _____ (қону) _____ (жыл)
Жүргізілген жөндеу саны	
Соңғы жөндеу жүргізілген күні және орны	
Соңғы жөндеу жүргізілгеннен кейінгі ұшуы	_____ (сағат) _____ (қону) _____ (жыл)
Жөндеу жүргізгенге дейінгі ресурс қалдығы	_____ (сағат) _____ (қону) _____ (жыл)
Жөндеу аралық ресурс	_____ (сағат) _____ (қону) _____ (жыл)

3. Әуе кемесінің ресурсын ұзарту негізі _____

4. Қозғалтқыштың ресурсын ұзарту негізі _____

5. Қозғалтқыш және әуе бұрандалары туралы мәліметтер:

Қозғалтқыш/әуе бұрандасы	1-ші	2-ші	3-ші	4-ші	Қосалқы күштік қондырғы/бас редуктор
Типі					
Зауыт нөмірі					
Пайдалана басталғаннан бастап ұшуы (сағат)					
Соңғы жөндеу жүргізілген күні					
Соңғы жөндеу жүргізілгеннен кейінгі ұшуы (сағат)					
Жөндеу жүргізілгенге дейінгі ресурс қалдығы (сағат)					
Жүргізілген жөндеу саны					

6. Әуе кемесі _____ көлемде тексерілді,
(кезеңдік техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу нысаны)

бұл туралы формулярға жазба жасалынды _____
(күні)

7. Әуе кемесінің жабдықталуы _____

8. Әуедегі қақтығысты ескертетін борттық жүйенің болуы

9. Осы әуе кемесінің типі осы актіні жасау күніне дейінгі орындалуға міндетті барлық

жөндеу жұмыстары орындалды; бекітілген құжаттамада көзделмеген тип конструкциясында өзгерістер жоқ.

10. Ұшуға пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы өзгерістерді бекіткен ұйым, бекітілген күні _____

11. Комиссияның азаматтық әуе кемесінің техникалық жай-күйі, ұшуға жарамдылық және ұшуға жарамдылығы сертификатын (қолдану мерзімін ұзарту) беру мүмкіндігі туралы қорытындысы _____

12. Пайдаланушығаның инженерлік-авиациялық қызмет бастығының* азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы (оның ішінде қажетті жабдығы болған

жағдайда халықаралық трассалар бойынша ұшу) туралы қорытындысы.

III. Әуе кемесінің пайдалану шектеулері мен сәйкессіздігі туралы мәліметтерді

қамтитын анықтама _____

1. Сәйкессіздіктің себептері: _____

2. Пайдалану шектеулері: _____

3. Сәйкессіздікті жою әдістері: _____

4. Сәйкессіздікті жою мерзімдері: _____

Қорытынды: "Ұшақ (тікұшақ) техникалық ақаусыз және пайдалануға Жарамды" немесе "Ұшақ (тікұшақ) техникалық ақаулы және пайдалануға Жарамсыз".

Комиссия құрамында:

Төраға _____

(қолы, күні, Тегі аты әкесінің аты (болған жағдайда)

Комиссия мүшелері _____

(қолы, күні, Тегі аты әкесінің аты (болған жағдайда)

20__ жылғы. " __ " _____ техникалық байқау жүргізді.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
инфрақұрылымдық даму
министрінің

2019 жылғы 9 қазандағы
№ 763 бұйрығына
6-қосымша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің

2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 499 бұйрығына
6-қосымша

"Ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы тапсырған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификаты.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Порталда көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі – тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатындағы техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс күндері және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндері жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беруге өтінімінің электрондық көшірмесі.;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен шығу туралы куәлігінің электрондық көшірмесі, Шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатының электрондық көшірмесі, Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсатының электрондық көшірмесі (болған жағдайда) .;

3) әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатының оригиналы немесе электрондық көшірмесі (болған жағдайда)

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып,

мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Жеке тұлғаны куәләндыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, авиациялық жұмыстарды орындауға рұқсат беру туралы куәлікті және Пайдаланушыға сертификатын, орындағы шу бойынша сертификатын, радиостанция сертификатын қызмет көрсетуші " электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік информациялық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Стандартта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың себептері:

- 1) Әуе кемесі ұшуға жарамдылық талаптарына сәйкес болмағанда;
- 2) Қызмет алушының жіберген құжаттарының (немесе) деректерінің (ақпараттарының) сенімсіздік тудырған жағдайда;
- 3) Қызмет алушының және (немесе) жіберген қажетті мәліметтерді, деректердің берілген ақпаратқа сәйкес келмеуі;
- 4) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;
- 5) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағым пошта арқылы не жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

12. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.miid.gov.kz ("Азаматтық авиация комитеті" бөлімінің " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 16-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына

беріледі: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: саа@miid.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 74-48-02.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтаманы Министрліктің интернет-ресурсында көрсетілген www.miid.gov.kz қызмет берушінің телефондары арқылы немесе мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы алуға болады.

"Ұшу жарамдылығының
экспорттық сертификатын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
қосымша
Нысан

Өтінім

Ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын беруді сұраймын:

Әуе кемесінің типі: _____

Әуе кемесінің сериялық (зауыт) нөмірі: _____

Планердің жұмысы: _____

— Орнатылған қозғалтқыштары: _____

— Қозғалтқыштардың сериялық нөмірлері: _____

— Жұмысы: _____

— Әуе кемесі экспортқа жіберілетін мемлекет: _____

— Әуе кемесін Пайдаланушыға (иесі): _____

— _____

— (қолы) (Тегі Аты Әкесінің аты қолы (болған жағдайда)

Мөр орны (болған жағдайда)

20__жылғы. " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
инфрақұрылымдық даму

министрінің
2019 жылғы 9 қазандағы
№ 763 бұйрығына
7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 499 бұйрығына
7-қосымша

"Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет)

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы тапсырған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні.

Ұсынылған құжаттарды қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған жағдайда қарау мерзімі 10 (он) жұмыс күніне дейін ұзартылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Порталда көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің

уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі – тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатындағы техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс күндері және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндері жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған өтінімінің электрондық көшірмесі;

2) аса жеңіл авиацияның әуе кемесі данасының сәйкестік куәлігінің немесе үлгі сертификатының электрондық көшірмесі.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі

Жеке тұлғаны куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, авиациялық жұмыстарды орындауға рұқсат беру туралы куәлікті және Пайдаланушыға сертификатын, орындағы шу бойынша сертификатын, радиостанция сертификатын қызмет көрсетуші "электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік информациялық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы стандартта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Қызмет алушысы осы стандарттағы тізімге сәйкес және (немесе) мерзімі өткен құжаттардың толық емес пакетін ұсынған жағдайда, қызмет көрестуші өтінішті қабылдамайды.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың себептері:

1) Әуе кемесі ұшуға жарамдылық талаптарына сәйкес болмағанда;

2) Қызмет алушының жіберген құжаттарының (немесе) деректерінің (ақпараттарының) сенімсіздік тудырған жағдайда;

3) Қызмет алушының және (немесе) жіберген қажетті мәліметтерді, деректердің берілген ақпаратқа сәйкес келмеуі;

4) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағым пошта арқылы не жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.miid.gov.kz ("Азаматтық авиация комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: caa@miid.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 74-48-02.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтаманы Министрліктің интернет-ресурсында көрсетілген www.miid.gov.kz қызмет берушінің телефондары арқылы немесе мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы алуға болады.

"Аса жеңіл авиация
әуе кемесінің ұшуға
жарамдылығы
сертификатын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
қосымша
Нысан

Өтінім

1. Тізілімге ____ ж. " ____ " ____ № ____ енгізілген аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің

ұшуға жарамдылық сертификатын беруді сұраймын:

Түрі _____

Әуе кемесінің мақсаты _____

1.1. Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі _____

1.2. Әуе кемесі жасалған күні _____

1.3. Жасап шығарушының атауы _____

1.4. Жасап шығарушы мемлекет _____

1.5. Үлгі сертификаты (немесе балама құжат):

№ _____, берілген күні

1. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

2.1. Мекенжайы _____

2.2. Телефоны _____ Факсы _____

2.3. Электрондық поштасының мекенжайы (бар болса) _____

— 2.4. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) _____

— 2.5. Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БИН) _____

— 2.6. Егер әуе кемелерін пайдаланушы – жеке тұлға болса:

Тегі, аты, әкесінің аты _____

— 2.7. Егер әуе кемелерін пайдаланушы – заңды тұлға болса:

Ұйымның толық атауы _____

— Басшының тегі, аты, әкесінің аты _____

— 3. Әуе кемесінің орналасқан жері _____

— 4. Соңғы жөндеу жүргізілген күні мен орны _____

— 5. Әуе кемесінің ұшуы _____

пайдалану басталғаннан бері: _____ сағ. _____ соңғы _____

ЖЫЛ

соңғы жөндеуден кейін: _____ сағ. _____ соңғы _____ ЖЫЛ

6. Жөндеуге дейін қалған ресурс: _____ сағ. _____ соңғы _____ ЖЫЛ

7. Массасы, кг _____ Орталықтандыру, % _____

8. Техникалық жай-күйін бағалау актісі бекітілген күні _____

9. Техникалық байқауды кім жүргізді _____

10. Әуе кемесін жетілдіруді, өзгертуді орындаған ұйым, орындау күні _____

11. Пайдаланушының заңды мекенжайы, телефоны, факсы _____

12. Пошталық мекенжайы: _____

Мөр орны (болған жағдайда) _____

(лауазымы)

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
инфрақұрылымдық даму
министрінің

2019 жылғы 9 қазандағы
№ 763 бұйрығына
8-қосымша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің

2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 499 бұйрығына
8-қосымша

"Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы тапсырған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні.

Ұсынылған құжаттарды қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған жағдайда қарау мерзімі 10 (он) жұмыс күніне дейін ұзартылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Порталда көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкестік куәлігіне алым төлемі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалатын тәртіппен және мөлшерлерде жүзеге асырылады.

Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестік куәлігін беру үшін санатына байланысты алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

1) ұшақ үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 10 айлық есептік көрсеткіш (АЕК);

2) тікұшақ үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 20 АЕК;

3) басқа ұшу аппараттары үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 5 АЕК.

Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін сертификаттау бюджетке көрсетілген алым төленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

Алым төлемі екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

8. Порталдың жұмыс кестесі – тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатындағы техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс күндері және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндері жүгінген жағдайда

мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы стандарттың 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім азаматтық әуе кемесінің данасына сертификаттау жүргізуді;

2) әуе кемесі данасының пайдалану құжаттамасы жинағының электрондық көшірмесі;

3) қысқаша техникалық сипаттаманы, жүйелердің басты схемаларын, негізгі сипаттамаларды, сондай-ақ ауқымында ӘК данасы сертификатталатын пайдаланудың күтілетін жағдайлары мен шектеулерін қамтуға тиіс әуе кемесі данасының ерекшелігінің электрондық көшірмесі;

4) әуе кемесінің үш проекциядағы түрлері немесе әр түрлі кескіндердегі суреттерінің электрондық көшірмесі: алдынан, бүйірінен, артынан;

5) әуе кемесі немесе құрастыру жиынтығын, қозғалтқышты, қалақты, агрегаттар мен жинақтаушы бұйымдарды сатып алудың заңдылығын растайтын бастапқы төлем құжаттарының электрондық көшірмесі;

6) осы стандарттың 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылығын және техникалық жай-күйін анықтайтын актінің электрондық көшірмесі;

7) осы стандарттың 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша деректер карталарының электрондық көшірмесі;

8) азаматтық әуе кемесі данасының ұшу-техникалық тексеру актісінің электрондық көшірмесі;

9) азаматтық әуе кемесі данасының техникалық қызмет көрсету бағдарламасының (регламенті) электрондық көшірмесі

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Қызмет алушысы осы стандарттағы тізімге сәйкес және (немесе) мерзімі өткен құжаттардың толық емес пакетін ұсынған жағдайда, қызмет көрестуші өтінішті қабылдамайды.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға мынадай негіздер:

1) Әуе кемесі ұшуға жарамдылық талаптарына сәйкес болмағанда;

2) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

3) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 19 шілдедегі № 483 (Нормативті құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15633 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидаларымен белгіленген талаптарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 367 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12038 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларының талаптарына сәйкес келмеуі;

4) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағым пошта арқылы не жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында

жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

12. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.miid.gov.kz ("Азаматтық авиация комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 16-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: caa@miid.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 74-48-02

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтаманы Министрліктің интернет-ресурсында көрсетілген www.miid.gov.kz қызмет берушінің телефондары арқылы немесе мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы алуға болады.

"Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша
Нысан

Азаматтық әуе кемесінің данасын сертификаттауға арналған өтінім

Азаматтық әуе кемесінің данасына сертификаттау жүргізуді

_____ (Азаматтық әуе кемесін Пайдаланушығасының атауы)

_____ өтінемін,

ол _____

(Азаматтық әуе кемесін Пайдаланушығасының иесі) тиесілі.

Мекенжайы және телефоны _____

Әуе кемесі туралы негізгі мәліметтерді хабарлаймын:

Әуе кемесінің типі _____

_____ (ұшақ, тікұшақ, планер, аэростатикалық әуе кемесі және тағы басқа)

Пайдаланылған конструкторлық құжаттама _____

_____ (жеке жоба, прототипі бар, дайын конструкторлық құжат, қалпына келтірілген әуе кемесі және тағы басқа)

Мына жағдайларда жасалған _____

_____ (жеке, техникалық клубта, зауытта және тағы басқа)

Азаматтық әуе кемесін Пайдаланушығаның мақсаты _____

_____ Пайдаланудың күтілетін шарттары _____

_____ Мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсынылған мәліметтердің дәйектілігіне жауап беремін.

_____ Сараптамаға мәлімденген әуе кемесінің оған қойылатын талаптарға сәйкес еместігін куәландыратын фактілер маған белгілі емес.

_____ Өтініш беруші _____ / _____ /

Мөр орны (болған жағдайда)

қолы тегі, аты-жөні 20__ жылғы. " __ " _____

"Азаматтық әуе кемесі
данасының ұшуға жарамдылық
нормаларына сәйкестігі куәлігін
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

Азаматтық әуе кемесі данасының техникалық жай-күйін бағалау мен ұшуға жарамдылығын анықтау актісі

200 __ жылғы. " __ " _____ № _____ бұйрығына сәйкес

_____ комиссияның құрамында

Төраға: _____

(Тегі Аты Әкесінің аты қолы, лауазымы)

Комиссия мүшелері: _____

(Тегі Аты Әкесінің аты қолы, лауазымы)

_____ (Т Тегі Аты Әкесінің аты қолы, лауазымы)

Ұшу жарамдылығын сертификаттау бағдарламасы бойынша

_____ бағалау жүргізді.

(ұйымның атауы)

Азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығын бағалау актісінің мәтіні.

Актінің қорытынды бөлігінде пайдалану құжаттамасының, әуе кемесі мен оның

жабдығының азаматтық әуе кемесінің данасына белгіленген талаптарға және

Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық

актілеріне, мәлімделетін ұшу түрлеріне сәйкестігі (сәйкессіздігі) көрсетіледі.

Төраға: _____

(Тегі Аты Әкесінің аты қолы)

(қолы)

Комиссия мүшелері: _____

(Тегі Аты Әкесінің аты қолы)

(қолы)

_____ (Тегі Аты Әкесінің аты қолы)

(қолы)

Актімен таныстым:

Ұйымның басшысы _____

(Тегі Аты Әкесінің аты қолы)

(ҚОЛЫ)

"Азаматтық әуе кемесі
данасының ұшуға жарамдылық
нормаларына сәйкестігі куәлігін
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
3-қосымша
Нысан

ДЕРЕКТЕР КАРТАСЫ (Аэростатикалық әуе кемесінің жеке данасына және азаматтық әуе кемесінің данасы үшін)

Осы деректер картасы № _____ сәйкестік куәлігінің ажырамас бөлігі
болып табылады _____

және

(ұшақ, тікұшақ, автожир және т.б., оның атауы)

азаматтық әуе кемесінің данасын негізгі пайдалану шектеулері мен
сипаттамаларын қамтиды

1. Қозғалтқыш (қозғалтқыштар)

1) қуаты, л.с. _____

2) ең жоғары айналымдары, айн/мин _____

2. Әуе винті _____

3. Отын _____

4. ӘК-нің ең жоғары ұшу салмағы, кг _____

5. Теңдестіру:

1) ең шекті-алдыңғы, % _____

2) ең шекті-артқы, % _____

6. Жүк көтергіштігі, кг _____

7. Жылдамдық бойынша шектеулер:

1) ең жоғары рұқсат етілген, км/с _____

2) ең төменгі рұқсат етілген, км/с _____

3) ұшып көтерілу кезіндегі ажырау жылдамдығы, км/с _____

4) қону кезіндегі түсу жылдамдығы, км/с _____

8. экипаж құрамы, адам _____

9. ұшуды орындау үшін метеожағдайлар:

1) бұлттардың биіктігі, м _____

2) көлденең көріну, м _____

3) жел, м/с _____ :

4) ұшуға көтерілгендегі, м/с _____ :

- 5) қарсы жел, м/с _____
6) жолай жел, м/с _____
7) 90 градустағы, м/с _____
8) қону кездегі, м/с _____ :
9) қарсы жел, м/с _____
10) жолай жел, м/с _____
11) 90 градустағы, м/с _____
12) қоршаған ауаның температурасы, град. 0С _____
10. Тыйым салынған: _____

АӘҚД тексеруді жүргізген ұйымның басшысы

_____/_____/

Қолы тегі, аты-жөні

Мөр орны (болған жағдайда) 20__ жылғы. " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы 9 қазандағы
№ 763 бұйрығына
9-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 499 бұйрығына
9-қосымша

"Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы

2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған, сондай-ақ порталға жүгінген сәттен бастап:

азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру – күнтізбелік 20 (жиырма) жұмыс күні.

Қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған жағдайларда, қарау мерзімі 20 (жиырма) жұмыс күнге дейін ұзартылады;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификаты.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салу жіберілген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы дайындығы туралы хабарлама алады.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін алым "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған тәртіппен және мөлшерлерде жүзеге асырылады.

Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері санаты және салмағына байланысты мыналарды құрайды:

1) ұшақтың ұшу жарамдылығы үшін:

136 000 килограмнан астам – алым төленетін күні қолданыстағы 450 айлық есептік көрсеткіш;

75 000 килограмнан астам 136 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 437 айлық есептік көрсеткіш;

2 қозғалтқышы бар 30 000 килограмнан астам 75 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 328 айлық есептік көрсеткіш;

3 қозғалтқышы бар 30 000 килограмнан астам 75 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 364 айлық есептік көрсеткіш;

4 қозғалтқышы бар 30 000 килограмнан астам 75 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 401 айлық есептік көрсеткіш;

2 қозғалтқышы бар 10 000 килограмнан астам 30 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 291 айлық есептік көрсеткіш;

3 қозғалтқышымен 10 000 килограмнан астам, қоса алғанда 30 000 килограмға дейін – алым төленген күнгі қолданыстағы 328 айлық есептік көрсеткіш;

4 қозғалтқышы бар 10 000 килограмнан астам 30 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 364 айлық есептік көрсеткіш;

5 700 килограмнан астам 10 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 54 айлық есептік көрсеткіш;

2 250 килограмнан астам 5 700 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 54 айлық есептік көрсеткіш;

750 килограмнан астам 2 250 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 36 айлық есептік көрсеткіш;

2) тікұшақтың ұшуға жарамдылығы үшін:

10 000 килограмнан астам – алым төленетін күні қолданыстағы 145 айлық есептік көрсеткіш;

1 қозғалтқышы бар 5 000 килограмнан астам 10 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 91 айлық есептік көрсеткіш;

2 қозғалтқышы бар 5 000 килограмнан астам 10 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 127 айлық есептік көрсеткіш;

1 қозғалтқышы бар 3 180 килограмнан астам 5 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 54 айлық есептік көрсеткіш;

2 қозғалтқышы бар 3 180 килограмнан астам 5 000 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 72 айлық есептік көрсеткіш;

1 қозғалтқышы бар 2 250 килограмнан астам 3 180 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 54 айлық есептік көрсеткіш;

2 қозғалтқышы бар 2 250 килограмнан астам 3 180 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 72 айлық есептік көрсеткіш;

1 қозғалтқышы бар 2 000 килограмнан астам 2 250 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 54 айлық есептік көрсеткіш;

2 қозғалтқышы бар 2 000 килограмнан астам 2 250 килограмды қоса алғанға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 72 айлық есептік көрсеткіш;

Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салу жіберілген жағдайда, төлемді "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асыруға болады.

8. Мыналардың жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету сағат 9:00-ден 13:00-ға дейін.

Мемлекеттік қызметтің нәтижелерін беру сағат 15:00-ден 18:00-ға дейін.

Қабылдау және нәтижелерді беру алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады;

2) порталдың-тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатындағы техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс күндері және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндері жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. 9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының сертификатын алғаш алуы үшін:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісі;

3) егер әуе кемесі жалға алынса, жалға алу туралы шарттардың және қабылдап алу-тапсыру актісінің көшірмелері;

4) қолданылатын түрлендірулер көрсетілген үлгі сертификатының көшірмесі немесе конструкцияның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін растайтын балама құжаттың көшірмесі;

5) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) бекітілген техникалық қызмет көрсету бағдарламасының (регламентінің) көшірмесі;

7) әуе кемесін қайта жабдықтау (қайта жабдықтау кезінде) бойынша ақпараттың көшірмесі;

8) жаңа әуе кемесінің үлгі сертификатына сәйкестігін растайтын жасап шығарушы зауыттың сертификатының көшірмесі;

9) уәкілетті орган бекіткен бұрынғы пайдаланушының техникалық қызмет көрсету бағдарламасын техникалық қызмет көрсетудің жаңа бағдарламасына ауыстыру бойынша қосымша жұмыс көлемі туралы деректердің көшірмесі;

10) орталықтандыру және жүктеме деректері көрсетілген қолданыстағы құрамдағы әуе кемесін өлшеу бойынша деректер;

11) тип конструкциясы үшін жауапты ұйым құрастырған негізгі минималды жабдықтау тізбесі болған кезде пайдаланушы әзірлеген бекітілген минималды жабдықтау тізбесінің көшірмесі;

12) Ұшуды пайдалану бойынша нұсқаулықтардың;

13) ұшу жарамдылығы директиваларының, әзірлеуші ұйым бюллетендерінің, ресурстары шектеулі агрегаттардың, орындалған түрлендірулердің мәртебелері.

14) ұшу сынақтарының нәтижесі бойынша баяндама;

18) егер қолданылатын болса, әуе кемесінің RNAV, MNPS, Cat. III және басқаларына рұқсат етілген құжаттың электрондық көшірмесі;

19) соңғы техникалық қызмет көрсетудің орындалу формалары;

Осы тармақтың 2), 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген құжаттардағы мәліметтер өтініш көрсетілетін қызметті берушіде тіркелген күнге дейін күнтізбелік 22 жұмыс күн мерзімнен аспауы тиіс.

Құжаттардың барлық көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының немесе ол уәкілеттік берген адамның қолымен және мөрімен куәландырылады.

Бұрын ұшуға жарамдылығы сертификаты болған азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын алу үшін:

1) сертификатты алу үшін мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісі;

3) егер әуе кемесі жалға алынса, жалға алу туралы шарттардың және қабылдап алу-тапсыру актісінің көшірмелері;

4) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

5) ұшу жарамдылығы директиваларының, әзірлеуші ұйым бюллетендерінің, ресурстары шектеулі агрегаттардың, орындалған түрлендірулердің мәртебелері.

Құжаттардың барлық көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының немесе ол уәкілеттік берген адамның қолымен және мөрімен куәландырылады.

Бекітілген үлгі конструкциясы жоқ азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беруге арналған өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) сертификатты алу үшін мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын белгілеу актісі;

3) егер әуе кемесі жалға алынса, жалға алу туралы шарттардың және қабылдап алу-тапсыру актісінің көшірмелері;

4) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес коммерциялық емес ұйым берген азаматтық әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісі;

5) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжат көшірмесі;

6) қолданылатын түрлендіру көрсетілген дана сертификатының көшірмесі;

7) бекітілген техникалық қызмет көрсету бағдарламасы (регламенті) (алғашқы сертификат беру);

8) Ұшуға пайдалану нұсқаулығында негізгі ең төменгі жабдықтау тізбесі болғанда пайдаланушы әзірлеген бекітілген ең төменгі жабдықтау тізбесінің (алғашқы беру кезінде) көшірмесі.

Құжаттардың барлық көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының немесе ол уәкілеттік берген адамның қолымен және мөрімен куәландырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатының телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге еркін нысандағы өтінішті және көрсетілетін қызметті алушы жүргізген қызметтік тексеру материалдарын береді.

Жеке тұлғаны куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлікті, пайдаланушы сертификатын, орындағы шу бойынша сертификатын, радиостанция сертификатын қызмет көрсетуші "электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік информациялық жүйелерден алады.

ескертпе: "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін

берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысан бойынша өтінімі;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификаты беруге өтінімінің электрондық көшірмесі;

3) егер әуе кемесі жалға алынатын болса, жалға беру шарты мен қабылдау-тапсыру актісінің электрондық көшірмелері;

4) азаматтық әуе кемесін жасап шығарушымен берілген, оның ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігін куәландыратын үлгі сертификаты немесе оның балама құжатының электрондық көшірмесі;

5) бекітілген техникалық қызмет көрсету бағдарламасы (регламенті) электрондық көшірмесі;

6) алдыңғы пайдаланушының техникалық қызмет көрсету бағдарламасынан (регламентінен) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бекіткен жаңа техникалық қызмет көрсету бағдарламасына (регламентіне) көшу жөніндегі қосымша жұмыстар көлемі туралы деректер электрондық көшірмесі;

7) орталық және жүктеме деректерді көрсете отырып, қолданыстағы құрастырудағы әуе кемесінің салмағын өлшеу жөніндегі деректерінің электрондық көшірмесі;

8) үлгілік конструкцияға жауап беретін ұйым құрастырған ең төменгі жабдықтың негізгі тізбесі бар болған жағдайда пайдаланушы құрастырған ең төменгі жабдықтың бекітілген тізбесінің электрондық көшірмесі;

9) ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқауының электрондық көшірмесі;

10) ұшу жарамдылығы директиваларының, әзірлеуші ұйым бюллетендерінің, ресурстары шектеулі агрегаттардың, орындалған түрлендірулердің мәртебелерінің электрондық көшірмесі;

11) ұшу сынақтарының нәтижелері туралы баяндаманың электрондық көшірмесі;

12) барлық борттық тұтынушыларды есепке ала отырып, электрмен жабдықтау жүйесінде жүктемелерді талдау материалдарының электрондық көшірмесі.

Келесі құжаттар болған жағдайда ұсынылады:

1) әуе кемесінің қайта жабдықталғаны жөніндегі құжатының электрондық көшірмесі;

2) жаңа әуе кемесінің үлгі сертификатына сәйкестігін растайтын өндіруші зауыттың сертификатының электрондық көшірмесі;

3) RNAV, MNPS және Cat. III бойынша әуе кемесіне ұшуға рұқсат берілгендігін растайтын құжаттарының электрондық көшірмесі.

Құжаттамасын тексеру және әуе кемесін қарап тексеру бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша уәкілетті орган осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісін (бұдан әрі – бағалау актісі) құрастырады.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Қызмет алушысы осы стандарттағы тізімге сәйкес және (немесе) мерзімі өткен құжаттардың толық емес пакетін ұсынған жағдайда, қызмет көрсетуші өтінішті қабылдамайды.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың себептері:

1) Әуе кемесі ұшуға жарамдылық талаптарына сәйкес болмағанда;

2) Қызмет алушының жіберген құжаттарының (немесе) деректерінің (ақпараттарының) сенімсіздік тудырған жағдайда;

3) Қызмет алушының және (немесе) жіберген қажетті мәліметтерді, деректердің берілген ақпаратқа сәйкес келмеуі;

4) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне,

әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағым пошта арқылы не жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

12. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.miid.gov.kz ("Азаматтық авиация комитеті" бөлімінің "

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 16-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: caa@miid.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 74-48-02.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтаманы Министрліктің интернет-ресурсында көрсетілген www.miid.gov.kz қызмет берушінің телефондары арқылы немесе мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы алуға болады.

"Азаматтық әуе кемесінің
ұшуға жарамдылығы
сертификатын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша
Нысан

Өтінім

1. Мемлекеттік тізілімге _____ жылғы. " ____ " _____ № _____ болып енгізілген

әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттаудан өткізуді және сертификат беруді

сұраймын.

Үлгісі, борттық № _____

Әуе кемесінің мақсаты _____

Әуе кемесінің сериялық (зауыт) нөмірі _____

Әуе кемесінің жасалған күні _____

Дайындаушының атауы _____

Дайындаушы мемлекет _____

Үлгі сертификаты (немесе балама құжат): № ____ берілген күні ____

2. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

Мекенжайы _____

Телефон: _____ Факс: _____

Электрондық поштаның мекенжайы (бар болса) _____

Егер ӘК Пайдаланушыға жеке тұлға болса:

Тегі, аты, әкесінің аты _____

Егер ӘК Пайдаланушыға заңды тұлға болса:

Ұйымның толық атауы _____

Басшының тегі, аты, әкесінің аты _____

Өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге жауапты қызметкердің тегі, аты,
әкесінің аты, телефоны _____

3. ӘК данасының орналасқан жері _____

4. ӘК данасын жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді жүргізген
техникалық

қызмет көрсету мен жөндеу ұйымының атауы, мекенжайы

Әуе кемесінің ұшуы _____

- пайдалана басталғаннан бастап: _____ сағ. _____ қонуы _____ ЖЫЛ

- соңғы жөндеуден кейін: _____ сағ. _____ қонуы _____ ЖЫЛ

6. Жөндеуге дейін ресурстың қалдығы: _____ сағат _____ соңғы _____ ЖЫЛ

7. Массасы, кг _____ Орталықтандыру, % САХ _____

8. RVSM бойынша әуе кемесінің ұшуға жіберу туралы ақпарат: _____

9. Әуе кемесі ИКАО _____ санаты бойынша ұшуға рұқсат
берілген.

10. Әуе кемесінде орнатылған радиотарату аппаратурасы бойынша деректері.

11. Әуе кемесінің ұйымдастырылған тректер жүйесіндегі

(OTS) рұқсаты бойынша деректер.

"Азаматтық әуе кемесінің ұшуға
жарамдылығы сертификатын
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына

2-қосымша

Нысан

"Бекітемін"

Ұйымның бірінші басшысы

(Тегі Аты Әкесінің аты)

(болған жағдайда) (колы)

Әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісі

Мынадай құрамдағы комиссия:

Төраға _____

(лауазымы, (Тегі Аты Әкесінің аты) (болған жағдайда))

Комиссия мүшелері _____

(лауазымы, (Тегі Аты Әкесінің аты) (болған жағдайда)

20__ жылғы. " __ " _____ техникалық қарап-тексеру жүргізді

(әуе кемесінің типі және мақсаты) мемлекеттік және тіркеу белгілері

_____ сериялық (зауыт) нөмірі _____

1. Әуе кемесі туралы мәліметтер:

ӘК-нің зауыттан шығарылған күні	
Белгіленген ресурс	_____ сағ. _____ қонуы _____ жыл
Пайдалана басталғаннан бастап ұшуы	_____ сағ. _____ қонуы _____ жыл
Жөндеу саны	_____ сағ. _____ қонуы _____ жыл
Соңғы жөндеу жүргізілген күн мен орын, АЖЗ	_____ сағ. _____ қонуы _____ жыл
Соңғы жөндеуден кейінгі ұшуы	_____ сағ. _____ қонуы _____ жыл
Жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы	_____ сағ. _____ қонуы _____ жыл
Жөндеу аралық ресурс	_____ сағ. _____ қонуы _____ жыл

2. АӘК-ның ресурсын ұзарту үшін негіздеме _____

3. Қозғалтқыш ресурсын ұзарту үшін негіздеме _____

4. Қозғалтқыштар мен әуе бұрандалары туралы мәліметтер: _____

Қозғалтқыш/әуе бұрандасы	1-ші	2-ші	3-ші	4-ші	Қосалқы күштік қондырғы/бас редуктор
Типі					
Зауыт нөмірі					
Пайдалана басталғаннан бастап ұшуы (сағат)					
Соңғы жөндеу жүргізілген күні					
Соңғы жөндеу жүргізілгеннен кейінгі ұшуы (сағат)					
Жөндеу жүргізілгенге дейінгі ресурс қалдығы (сағат)					
Жүргізілген жөндеу саны					

5. Әуе кемесі _____ көлемінде қаралған,

(ТҚ немесе жөндеу кезеңділігінің нысаны)

ол туралы _____ формулярына жазу енгізілген _____

(күні)

6. Әуе кемесінің жасақталуы _____

7. Әуеде соқтығысудың алдын алудың борттық жүйесінің болуы _____

8. Осы акті жасалған күні орындауға міндетті осы типтегі әуе кемесінің барлық жөндеу

жұмыстары орындалды; бекітілген құжаттамада көзделмеген тип конструкциясының өзгерістері жоқ.

9. ҰПЖ өзгерістерін бекіткен ұйым, бекітілген күні _____

10. Азаматтық әуе кемесінің техникалық жай-күйі, ұшуға жарамдылығы және ұшуға

жарамдылық сертификатын беру (қолданылу мерзімін ұзарту) мүмкіндігі туралы

комиссия қорытындысы _____

Төраға: _____

(қолы, күні, Тегі Аты Әкесінің аты) (болған жағдайда)

Комиссия мүшелері: _____

(қолы, күні, Тегі Аты Әкесінің аты) (болған жағдайда)

Мөр орны (болған жағдайда)

11. Пайдаланушығаның инженерлік-авиациялық қызметі басшысының азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы қорытындысы (оның ішінде қажетті жабдықтар болған жағдайда, халықаралық трассалар бойынша ұшуға)

Қорытынды: "Ұшақтың (тікұшақтың) техникалық ақауы жоқ және ол пайдалануға жарамды" немесе "Ұшақтың (тікұшақтың) техникалық ақауы бар және ол пайдалануға жарамсыз".

Төраға: _____

(қолы, күні, Тегі Аты Әкесінің аты) (болған жағдайда)

Комиссия мүшелері: _____

(қолы, күні, Тегі Аты Әкесінің аты) (болған жағдайда)

Мөр орны (болған жағдайда)

12. Актінің қолданылу мерзімі – бекітілген күнінен бастап бір ай.

"Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына

3-қосымша

Нысан

Азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісі

_____ (уәкілетті орган)

20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____ бұйрығына сәйкес

мынадай құрамдағы ұшуға жарамдылық басқармасының инспекторы:

Инспектор: _____

(Тегі Аты Әкесінің аты, лауазымы)

Ұшуға жарамдылықты сертификаттау бағдарламасы бойынша

бағалау жүргізді.

(Ұйымның атауы)

Азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісінің мәтіні

Актінің қорытынды бөлігінде пайдалану құжаттамасының, оның ішінде азаматтық

авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілердің техникалық қызмет көрсету

бағдарламасының (регламентінің) талаптарына, сонымен бірге әуе кемесінің және оның

құрал-жабдықтарының көрсетілген ұшу түрлеріне (халықаралық, ішкі), әуе тасымалдау

түрлеріне және/немесе авиациялық жұмыстарға сәйкестігі (сәйкессіздігі) көрсетіледі.

Төраға: _____

(Тегі Аты Әкесінің аты)

(қолы)

Комиссия мүшелері: _____

(Тегі Аты Әкесінің аты) (қолы)

(Тегі Аты Әкесінің аты) (қолы)

Актімен таныстым:

Ұйымның басшысы _____

(Тегі Аты Әкесінің аты)

(қолы)

"Азаматтық әуе кемесінің
ұшуға жарамдылығы
сертификатын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
4-қосымша
Нысан

Электрондық құжат нысанындағы өтініш

1. ЖСН _____

2. ЖК/ЖТ/ЗТ атауы _____

3. Әуе кемесінің тізілімдегі нөмірі _____

4. Тізілімге әуе кемесін енгізу күні _____

(күні/айы/жылы)

5. Әуе кемесінің типі _____

6. Әуе кемесінің мақсаты:

1. Жолаушылар

2. Көлік
3. Ауысымды
4. Жүк-жолаушылар
5. Арнайы мақсаттағы
6. Санитарлық
7. Оқу
7. Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі _____
8. Әуе кемесінің жасалған күні _____
(күні/айы/жылы)
9. Жасап шығарушының атауы _____
10. Жасап шығарушы – мемлекет _____
11. Тип сертификатының (немесе балама құжаттың) нөмірі _____
12. Тип сертификатының берілген күні _____
(күні/айы/жылы)
13. ӘК данасының орналасқан жері _____
14. ӘК данасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізген қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның атауы _____

—
15. ӘК данасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізген техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның мекенжайы _____

—
16. Пайдалану басталғаннан бергі әуе кемесінің ұшуы _____
сағ. _____ қонуы _____

жыл

Әуе кемесінің соңғы жөндеуден кейінгі ұшуы _____ сағ.
_____ қонуы _____

жыл

17. Жөндеуге дейін ресурстың қалдығы _____ сағ.
_____ қонуы _____

жыл

18. Массасы, кг _____
19. Орталықтандыру, % САХ _____,

—
20. Пайдаланушының техникалық жай-күйін тексеру актісін бекіткен күн _____

(күні/айы/жылы)

21. Техникалық тексеруді кім жүргізді _____

22. Әуе кемесін жетілдіруді, өзгертуді орындаған ұйым _____

— 23. Орындаған күні _____

(күні/айы/жылы)

24. Ұшуға пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа енгізілген өзгерістер

(егер болса) _____

— 25. Техникалық пайдалану нұсқаулығына енгізілген өзгерістер

(егер болса) _____

— 26. Техникалық қызмет көрсету регламентіне енгізілген өзгерістер

(егер болса) _____

— 27. RVSM бойынша әуе кемесінің ұшуға рұқсаты туралы ақпарат
көзделмеген/рұқсат етілген

28. Әуе кемесіне ИКАО санаты бойынша ұшуға рұқсат етілген I, II, III,
санаты жоқ

29. Әуе кемесінде орнатылған радиотарату аппаратурасы бойынша
деректер _____

— 30. Әуе кемесінің ұйымдастырылған тректер жүйесіндегі

(OTS) рұқсаты бойынша деректер

Көзделмеген/рұқсат етілген

31. Электрондық поштаның мекенжайы (ол болған жағдайда) _____

32. Тегі, аты, әкесінің аты (егер ӘК пайдаланушы жеке тұлға болса)

33. Ұйымның толық атауы (егер ӘК пайдаланушы заңды тұлға
болса) _____

34. Басшының тегі, аты, әкесінің аты (егер ӘК пайдаланушы заңды
тұлға болса) _____

35. Өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге жауапты қызметкердің

тегі, аты, әкесінің аты (егер ӘК пайдаланушы заңды тұлға болса)

36. Өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге жауапты қызметкердің телефоны (егер ӘК пайдаланушы заңды тұлға болса)

37. Тіркелген құжаттар:

1. Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің сканерлік көшірмесі (бар, жоқ)
 2. ӘК техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісінің сканерлік көшірмесі (бар, жоқ)
 3. Әуе кемесін жалға алу туралы шартының сканерлік көшірмесі (бар, жоқ)
 4. Әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісінің сканерлік көшірмесі (бар, жоқ)
- Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____
- 20 __ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы 9 қазандағы
№ 763 бұйрығына
10-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 499 бұйрығына
10-қосымша

"Азаматтық әуе кемесі үлгісінің сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Азаматтық әуе кемесінің үлгі сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы
- 2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын тапсырған және порталға жүгінген сәттен бастап:

әуе кемесі үлгіс сертификатын беру – 15 (он бес) жұмыс күні;

2) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электронды (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесінің үлгі сертификаты.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электронды және (немесе) қағаз.

Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салу жіберілген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы дайындығы туралы хабарлама алады.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

Азаматтық әуе кемесінің үлгісін сертификаттау үшін алым "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде жүзеге асырылады.

Азаматтық әуе кемесінің типін сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері санатына байланысты мыналарды құрайды:

1) ұшақ үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 10 000 айлық есептік көрсеткіш;

2) тікұшақ үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 5 000 айлық есептік көрсеткіш;

3) басқа ұшу аппараттары үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 1 000 айлық есептік көрсеткіш.

Типті сертификаттау көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша көрсетілген алым бюджетке төленгеннен кейін жүзеге асырылады.

Алым төлемі екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда және портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салу жіберілген жағдайда, төлемді "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асыруға болады.

8. Мыналардың жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету сағат 9:00-ден 13:00-ға дейін.

Мемлекеттік қызметтің нәтижелерін беру сағат 15:00-ден 18:00-ға дейін.

Қабылдау және нәтижелерді беру алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады;

2) порталдың-тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатындағы техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс күндері және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндері жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес азаматтық әуе кемесінің үлгі сертификатын беру туралы өтініш;

ұшуға пайдалану жөніндегі нұсқаулық;

формулярлар;

материалдың негізгі өлшемдері мен маркалары көрсетілген негізгі күш тораптарының, оның ішінде қанатын бекіту, тірек тораптарының, қозғалтқыштың, шассидің сызбалары (эскиздері);

отын және тежегіш жүйелерінің, электр жабдығының, басқару жүйесінің схемалары;

үлгінің фотосуреттері (алдынан, жанынан, артынан);

әуе кемесінің үлгісін зауыттық, мемлекеттік және пайдалануда сынау нәтижелері;

схемалары, жүйелері, негізгі сипаттамалары, үлгі сертификатталатын диапазонда күтілетін пайдалану шарттары мен шектеулерінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ осы үлгіге қолданылатын ұшуға жарамдылығы нормалары тарауларының, бөлімдері мен тармақтарының, оның ұшуға жарамдылығына қатысты арнайы техникалық шарттардың және қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптардың тізбесі қысқаша сипатталатын техникалық құжаттама;

азаматтық әуе кемесінің типін сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

ескертпе: "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Жеке тұлғаны куәләндыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, авиациялық жұмыстарды орындауға рұқсат беру туралы куәлікті және пайдаланушы сертификатын, орындағы шу бойынша сертификатын, радиостанция сертификатын қызмет көрсетуші "электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік информациялық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта тізбеленген барлық құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – қағаз жеткізгіште өтініштің қабылданғанын растау құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның көшірмесіндегі тіркеу туралы белгі болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының нысан бойынша өтінім;

2) ұшуға пайдалану жөніндегі нұсқаулық;

3) формулярлар;

4) материалдың негізгі өлшемдері мен маркалары көрсетілген негізгі күш тораптарының, оның ішінде қанатын бекіту, тірек тораптарының, қозғалтқыштың, шассидің сызбалары (эскиздері);

5) отын және тежегіш жүйелерінің, электр жабдығының, басқару жүйесінің схемалары;

6) үлгінің фотосуреттері (алдынан, жанынан, артынан);

7) схемалары, жүйелері, негізгі сипаттамалары, үлгі сертификатталатын диапазонда күтілетін пайдалану шарттары мен шектеулерінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ осы үлгіге қолданылатын ұшуға жарамдылығы нормалары тарауларының, бөлімдері мен тармақтарының, оның ұшуға жарамдылығына қатысты арнайы техникалық шарттардың және қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптардың тізбесі қысқаша сипатталатын техникалық құжаттама.

8) азаматтық әуе кемесінің үлгісін сертификаттағаны үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Жеке тұлғаны куәләндыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, авиациялық жұмыстарды орындауға рұқсат беру туралы куәлікті және Пайдаланушыға сертификатын, орындағы шу бойынша сертификатын, радиостанция сертификатын қызмет көрсетуші "электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік информациялық жүйелерден алады.

Қызмет алушысы осы стандарттағы тізімге сәйкес және (немесе) мерзімі өткен құжаттардың толық емес пакетін ұсынған жағдайда, қызмет көрсетуші өтінішті қабылдамайды.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың себептері:

1) Әуе кемесі ұшуға жарамдылық талаптарына сәйкес болмағанда;

2) Қызмет алушының жіберген құжаттарының (немесе) деректерінің (ақпараттарының) сенімсіздік тудырған жағдайда;

3) Қызмет алушының және (немесе) жіберген қажетті мәліметтерді, деректердің берілген ақпаратқа сәйкес келмеуі;

4) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік

көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағым пошта арқылы не жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

занды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

12. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.miid.gov.kz ("Азаматтық авиация комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 16-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: caa@miid.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 74-48-02.

"Азаматтық әуе кемесі
үлгісінің сертификатын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
қосымша
Нысан

Өтінім

1. Әуе кемесін сертификаттауды және тип сертификатын беруді сұраймын.

Тип _____

Әуе кемесінің мақсаты _____

Әуе кемесінің жасалған күні _____

Дайындаушының атауы _____

2. Өтініш беруші туралы мәліметтер(заңды тұлға/жеке тұлға):

БСН/ЖСН _____

Мекенжайы _____

Телефоны: _____ Факсы: _____

Электрондық поштасының мекенжайы (ол болған жағдайда) _____

Егер ӘК жасаушы жеке тұлға болса:

Тегі, аты, әкесінің аты _____

Егер ӘК жасаушы заңды тұлға болса:

Ұйымның толық атауы _____

Басшының тегі, аты, әкесінің аты _____

Өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге жауапты қызметкердің тегі,
аты, әкесінің аты, телефоны _____

3. ӘК типінің орналасқан жері _____

4. Массасы, кг _____ Орталықтандыру, % САХ _____

"Азаматтық әуе кемесі
үлгісінің сертификатын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
қосымша
Нысан

Куәландырылған электрондық құжат өтінімі

1. Әуе кемесін сертификаттауды және тип сертификатын беруді сұраймын.

Тип _____

Әуе кемесінің мақсаты _____

Әуе кемесінің жасалған күні _____

Дайындаушының атауы _____

2. Өтініш беруші туралы мәліметтер(заңды тұлға/жеке тұлға):

БСН/ЖСН _____

Мекенжайы _____

Телефоны: _____ Факсы: _____

Электрондық поштасының мекенжайы (ол болған жағдайда) _____

Егер ӘК жасаушы жеке тұлға болса:

Тегі, аты, әкесінің аты _____

Егер ӘК жасаушы заңды тұлға болса:

Ұйымның толық атауы _____

Басшының тегі, аты, әкесінің аты _____

Өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге жауапты қызметкердің тегі,
аты, әкесінің аты, телефоны _____

3. ӘК типінің орналасқан жері _____

4. Массасы, кг _____ Орталықтандыру, % САХ _____

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы 9 қазандағы
№ 763 бұйрығына
11-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі

"Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу ұйымына сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы тапсырған сәттен бастап 22 (жиырма екі) жұмыс күні.

Ұсынылған құжаттарды қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған жағдайда қарау мерзімі 22 (жиырма екі) жұмыс күніне дейін ұзартылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Порталда көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау үшін алым "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде жүзеге асырылады.

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері оны қолдану саласы және штат санына байланысты мыналарды құрайды:

жекелеген типтегі әуе кемелеріне жедел техникалық қызмет көрсету, оның ішінде ағымдағы жөндеу, ақауларды жою, агрегаттар мен жиынтықтаушы бұйымдарды ауыстыру:

10 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 346 айлық есептік көрсеткіш;

11 адамнан 40 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 364 айлық көрсеткіш;

41 адамнан 70 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 382 айлық көрсеткіш;

71 адамнан 100 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 400 айлық көрсеткіш;

101 адамнан 150 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 419 айлық көрсеткіш;

151 адамнан 200 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 437 айлық көрсеткіш;

201 адамнан астам – алым төленетін күні қолданыстағы 455 айлық көрсеткіш;

2) жекелеген типтегі әуе кемелеріне мерзімдік техникалық қызмет көрсету, оның ішінде авиациялық техниканың авиақозғалтқыштарын ауыстыру, оларды ағымдағы жөндеу, авиациялық техникаға маусымдық және арнайы қызмет көрсету, авиациялық техниканы сақтау кезінде техникалық қызмет көрсету:

10 адамға дейін – алым төленетін күні 418 айлық есептік көрсеткіш;

11 адамнан 40 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 436 айлық есептік көрсеткіш;

41 адамнан 70 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 454 айлық есептік көрсеткіш;

71 адамнан 100 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 472 айлық есептік көрсеткіш;

101 адамнан 150 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 491 айлық есептік көрсеткіш;

151 адамнан 200 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 509 айлық есептік көрсеткіш;

201 адамнан астам – алым төленетін күні қолданыстағы 527 айлық есептік көрсеткіш;

3) зертханалар жағдайында әуе кемелерінің агрегаттары мен жиынтықтаушы бұйымдарына техникалық қызмет көрсету – алым төленетін күні қолданыстағы 218 айлық есептік көрсеткіш;

4) әуе кемелері мен олардың агрегаттарының және жиынтықтаушы бұйымдарының жай-күйін бұзбай бақылау әдісін қолдану – алым төленетін күні қолданыстағы 145 айлық есептік көрсеткіш;

5) күрделі жөндеусіз пайдаланылатын әуе кемесінің планеріне, авиақозғалтқыштары мен авиациялық техниканың жиынтықтаушы бұйымдарына бақылау-қалпына келтіру жұмыстары (жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары):

10 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 47 айлық есептік көрсеткіш;

11 адамнан 40 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 69 айлық есептік көрсеткіш;

41 адамнан 70 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 272 айлық есептік көрсеткіш;

71 адамнан 100 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 290 айлық есептік көрсеткіш;

101 адамнан 150 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 309 айлық есептік көрсеткіш;

151 адамнан 200 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 327 айлық есептік көрсеткіш;

201 адамнан астам – алым төленетін күні қолданыстағы 345 айлық есептік көрсеткіш;

б) әуе кемесінің интерьерін жаңарту (қайта жабдықтау) – алым төленетін күні қолданыстағы 145 айлық есептік көрсеткіш;

7) әуе кемесін жаңғырту жөніндегі жұмыстарды және авиациялық техника әзірлеушісінің бюллетеньдері мен құжаттары бойынша пысықтауды орындау – алым төленетін күні қолданыстағы 218 айлық есептік көрсеткіш;

8) әуе кемелерін, авиақозғалтқыштарды және жиынтықтаушы бұйымдарды (агрегаттарды), оларға жаңа ресурстар (қызмет мерзімдері) орнатып күрделі жөндеу:

10 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 528 айлық есептік көрсеткіш;

11 адамнан 40 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 546 айлық есептік көрсеткіш;

41 адамнан 70 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 564 айлық есептік көрсеткіш;

71 адамнан 100 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 582 айлық есептік көрсеткіш;

101 адамнан 150 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 601 айлық есептік көрсеткіш;

151 адамнан 200 адамға дейін – алым төленетін күні қолданыстағы 619 айлық есептік көрсеткіш;

201 адамнан астам – алым төленетін күні қолданыстағы 637 айлық есептік көрсеткіш.

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша көрсетілген алым бюджетке төленгеннен кейін жүзеге асырылады.

Алым төлемі екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда және портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салу жіберілген жағдайда, төлемді "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асыруға болады.

8. Порталдың жұмыс кестесі – тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатындағы техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс күндері және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндері жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын алуға өтінішінің электрондық көшірмесі;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйым қызметі жөніндегі нұсқаулықтың электрондық көшірмесі;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның командалық-басшы құрамы туралы мәліметтер және білімі туралы тиісті құжаттардың электрондық көшірмелері;

4) ұйым қызметінің түрлерін көрсете отырып, азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның жарғысының үзіндісінің электрондық көшірмелері.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні және уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Қызмет алушысы осы стандарттағы тізімге сәйкес және (немесе) мерзімі өткен құжаттардың толық емес пакетін ұсынған жағдайда, қызмет көрестуші өтінішті қабылдамайды.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың себептері:

- 1) Әуе кемесі ұшуға жарамдылық талаптарына сәйкес болмағанда;
- 2) Қызмет алушының жіберген құжаттарының (немесе) деректерінің (ақпараттарының) сенімсіздік тудырған жағдайда;
- 3) Қызмет алушының және (немесе) жіберген қажетті мәліметтерді, деректердің берілген ақпаратқа сәйкес келмеуі;
- 4) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;
- 5) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағым пошта арқылы не жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе

Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

12. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.miid.gov.kz ("Азаматтық авиация комитеті" бөлімінің " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 16-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына

беріледі: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: саа@miid.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 74-48-02.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтаманы Министрліктің интернет-ресурсында көрсетілген www.miid.gov.kz қызмет берушінің телефондары арқылы немесе мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы алуға болады.

"Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу ұйымына
сертификат беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша
Нысан

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсететін және жөндеу (АТ және ТҚЖ) жөніндегі ұйымның сертификатын алуға арналған өтінімнің үлгі нысаны

1. АТ және ТҚЖ жөніндегі ұйымның атауы _____
2. Ұйымның тіркелген жері және тіркеу нөмірі (шифры) _____
3. Өндірістік базаның орналасқан жері: _____
4. Пошталық мекенжайы _____
5. Телефон _____
6. Телеграф _____
7. Факс _____
8. Есепшоты _____
9. Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____
10. Электрондық мекенжайы _____
11. Өтінім беру себебі (қажеттісінің астын сызыңыз):
 - 1) АТ және ТҚЖ жөніндегі ұйымның сертификатын алуға арналған алғашқы өтінім;
 - 2) АТ және ТҚЖ бойынша жұмыс түрлерінің (кешендерінің) тізбесін толықтыру;
 - 3) авиациялық техника типтерінің тізбесін толықтыру;

4) кезекті мерзімге арналған сертификаттау;
5) АТ және ТҚЖ жөніндегі ұйымның сертификатын кері қайтарып алғаннан/
күшін

жойғаннан кейінгі сертификаттау;

6) АТ және ТҚЖ жөніндегі ұйымның негізгі деректерін өзгерту;

7) басқа себептер (көрсету).

12. Өтінімнің мазмұны

Мен, төменде қол қойған, _____

(ұйым басшысының Т.А.Ә.)

_____ (күні) _____ бекітілген (тіркелген)

Жарғының (Ереженің) негізінде әрекет ететін техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымды мынадай авиациялық техникада төменде көрсетілген қызмет түрін орындау құқығына сертификаттау жүргізуді сұраймын:

ӘК, қозғалтқыштың, АТ бұйымының типі	Қызмет нысаны		
	ТҚ жедел түрлері (көрсету)	ТҚ кезеңдік түрлері (көрсету)	Жұмыстардың басқа түрлері (көрсету)

13. Өтінім беруші Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы заңнаманың талаптарын мойындайды және оларды орындауға міндеттенеді.

14. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету үшін жауапты басшылық құрам:

Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы
АТ және ТҚЖ жөніндегі ұйымның басшысы		
Сапаны бақылау (кепілдік) жөніндегі бөлімшенің басшысы		

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді

пайдалануға келісемін _____

20 __ жылғы " __ " _____

"Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу ұйымына сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша Нысан

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу ұйымының қызметі бойынша нұсқау

1. Кіріспе

- 1) Мазмұны;
- 2) Мәні және саласы;
- 3) Қолданыстағы парақ тізбесі;
- 4) Ревизиялар/толықтырулар тізбесі;
- 5) Тарату парағы;
- 6) Пайдаланылатын қысқартулар.

2. Басқару

- 1) Жауапты басшының өтініші;
 - 2) Қауіпсіздік және сапа саясаты;
 - 3) Басқару персоналы;
 - 4) Басқару персоналының лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері;
 - 5) Ұйымды басқару құрылымы;
 - 6) Рұқсат ететін персонал тізілімі;
 - 7) Ұйым жұмысшылары құрамының сипаты;
 - 8) Сертификатта көрсетілген ұйымдар мекенжайларының әрқайсысында орналасқан өндірістік қуаттардың жалпы сипаты;
 - 9) Техникалық қызмет көрсету бойынша (әуе кемелеріне және құрауыштарына) орындалатын жұмыс көлемі;
 - 10) Ұйымдағы өзгерістер туралы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органы хабардар ету рәсімі;
 - 11) Нұсқауға өзгерістер енгізу рәсімдері.
- ## 3. Техникалық қызмет көрсету жөніндегі рәсімдер
- 1) Өнім берушілерді бағалау және қосалқы мердігерді қадағалау рәсімдері;
 - 2) Сыртқы өнім берушілерден әкелінетін ӘК құрауыштары мен материалдарын қабылдау және тексеру;
 - 3) АТ техникалық қызмет көрсетуге арналған құрауыштар мен материалдарды сақтау, таңбалау және беру;
 - 4) Құралдар мен жабдықтарды қабылдау;
 - 5) Құралдар мен жабдықтарды калибрлеу;
 - 6) Персоналдың баламалы құралдар мен жабдықтарды қоса алғанда, құралдар мен жабдықтарды пайдалануы;
 - 7) Техникалық қызмет көрсету объектілерінде тазалық сақтау нормалары;
 - 8) Техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулықтар және олардың ӘК/ӘК құрауыштарын Дайындаушылардың нұсқаулықтарына сәйкестігі, жаңартылуын және техникалық персонал үшін олардың болуын қоса алғанда;
 - 9) Жөндеу бойынша рәсімдер;

10) Пайдаланушығаның ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі бағдарламаға сәйкес келуі;

11) Ұшуға жарамдылық директиваларын орындау рәсімдері;

12) Міндетті емес түрлендіруді орындау рәсімі;

13) Техникалық қызмет көрсету бойынша пайдаланылатын құжаттар және оларды толтыру;

14) Техникалық қызмет көрсету жазбаларын бақылау (деректерді есепке алу);

15) Базалық техникалық қызмет көрсетуді жүргізу барысында анықталған ақауларды жою;

16) Техникалық қызмет көрсетуден кейін пайдалануға қайта енгізу рәсімі;

17) Пайдаланушығаның құжаттамасындағы жазбалар;

18) Ақаулар жөнінде құзыретті Пайдаланушыға/үлгі сертификатын ұстаушыға хабарлау;

19) ӘК жарамсыз құрауыштарын қоймаға қайтару;

20) Сыртқы өнім берушілердің ақаулы құрауыштары бойынша іс-қимыл;

21) Электронды түрде сақталатын есептік деректерді бақылау;

22) Техникалық қызмет көрсету бойынша жоспарланған жұмысқа қарасты адам-сағатты жоспарлауды бақылау;

23) Техникалық қызмет көрсетудегі қиын жұмыстарды бақылау;

24) Техникалық қызмет көрсету жөніндегі ерекше жұмыстарды жүргізу жөніндегі рәсім бойынша мынадай ақпарат:

қозғалтқыштарды сынау рәсімдері;

ӘК герметикасын тексеру рәсімдері;

ӘК сүйрету рәсімдері;

ӘК рульдеу бойынша рәсімдер;

құрауыштар мен материалдарды кәдеге жарату;

25) Техникалық қызмет көрсету барысында жіберілген қателерді табу және түзету рәсімдері;

26) Ауысым арасындағы жұмыстарды тапсыру рәсімдері;

27) Үлгі сертификатын ұстаушыға техникалық қызмет көрсету барысындағы нақты емес және екіұшты деректер жөнінде ақпарат беру рәсімдері;

28) Өндірісті жоспарлау рәсімдері.

4. Жедел техникалық қызмет көрсету бойынша қосымша рәсімдер

1) Жедел техникалық қызмет көрсету кезіндегі құрал-саймандарды, ӘК құрауыштарын бақылау;

2) Жерүсті қызмет көрсетуге, отын құюға, мұздануға қарсы арнайы сұйықтықтардың шөгінділерінен тазартылуын тексеруді қоса алғанда, мұздануға қарсы жұмыстарға байланысты жедел техникалық қызмет көрсетуді жүргізу жөніндегі рәсімдер;

3) Жедел техникалық қызмет көрсету барысында кемшіліктерді және қайталанатын ақауларды бақылау;

4) Жедел техникалық қызмет көрсету кезінде борттық журналды толтыру рәсімі;

5) Жедел техникалық қызмет көрсету кезінде келісілген және қарызға алынған қосалқы бөлшектерді жеткізу рәсімі;

6) Жедел техникалық қызмет көрсету кезіндегі әуе кемесінен алынған ақаулы қосалқы бөлшектерді қайтару рәсімі;

7) Жедел техникалық қызмет көрсету кезіндегі күрделі міндеттерді бақылау рәсімі.

5. Сапа жүйесінің рәсімдері

1) Техникалық қызмет көрсету аудитін ұйымдастыру рәсімдері;

2) ӘК және құрауыштарының аудиті;

3) Аудит кезінде анықталған кемшіліктерді (ақауларды) жою рәсімі;

4) Техникалық қызмет көрсету жөнінде куәлік беретін персоналға біліктілік беру және оны оқыту рәсімдері;

5) Техникалық қызмет көрсету жөнінде куәлік беретін персонал бойынша есептік деректер;

6) Сапа жүйесінің аудиторлары;

7) Инспекторлардың (қосалқы тексеруді қажет ететін жұмыстарды тексеретін) біліктілігін бақылау;

8) Техникалық қызмет көрсету және жөндеу маманының біліктілігін бақылау;

9) Техникалық қызмет көрсету бойынша көзделген техникалық қызмет көрсету көлемінен ауытқу процесін басқару;

10) Техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру рәсімдерінен ауытқу рұқсаттарын бақылау;

11) Дәнекерлеу сияқты мамандандырылған жұмыстарға арналған біліктілік рәсімі, ыдыратпайтын бақылау;

12) Жасап Дайындаушы зауыттың және басқа да сыртқы орындаушылардың техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыс топтарының жұмысын бақылау;

13) Адами фактор бойынша оқыту рәсімі;

14) Персоналдың құзыреттілігін бағалау.

6. Техникалық қызмет көрсетудің орындалуы

1) Келісімшарт бойынша техникалық қызмет көрсету орындалатын Пайдаланушығалар тізбесі;

2) Пайдаланушығаның рәсімі және оның құжаттарымен жұмыс;

3) Пайдаланушығаның техникалық құжаттамасын толтыру.

7. Қосымша мәліметтер

1) Құжаттардың үлгілері;

- 2) Қосалқы мердігерлердің тізімі;
- 3) Жедел техникалық қызмет көрсету станцияларының тізімі;
- 4) Келісімшарт бойынша техникалық қызмет көрсету орындалатын Пайдаланушығалар тізімі.

"Азаматтық авиацияның
авиациялық техникасына
техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу ұйымына
сертификат беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
3-қосымша

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның басшы құрамы туралы мәліметтер

1. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның бағаны Басқару персоналын көрсету:

Басшы Инженерлік-авиациялық қызметтің басшысы (АӘК пайдаланушысы үшін)

Сапаны бақылау
басшысы

2. Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда):

3. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның лауазымы:

4. Азаматтық авиация саласындағы біліктілік:

5. Азаматтық авиация саласындағы жұмыс тәжірибесі:

6. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның атауы:

7. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйым сертификатының нөмірі:

Қолы :

Күні

Уәкілетті ұйым тұлғасына арналған баған:
Уәкілетті ұйымның қызметкерінің Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда) және қолы немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның:

Қолы

Күні:

Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда)